

# Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады

## Сүйікті ұл құлға айналды



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Byron Unger, Lazarus  
Alastair Paterson

Бейімдеген: M. Kerr, Sarah S.

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children  
[www.M1914.org](http://www.M1914.org)

©2023 Bible for Children, Inc.

Лицензия: сатуға тиым салынған, көшірме жасауға  
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

Ысқақ өте бақытты болды. Оның ұлы Жақып үйге  
келді. Тіпті оны бір кездерде өлтіруге ант берген  
ағасы Есау да оны құшақ жая қарсы алды. Бірақ  
Жақыптың ұлдары бақытты емес еді, өйткені  
Жүсіп, олардың кіші інілері, әкесінің  
сүйіктісі болатын.




Жүсіп ағаларына көрген түсін айтып берген кезде, олар одан бетер ызаланды. «Менің масақтарымның баулары тік тұрды, ал ағаларымның баулары оған құрмет көрсетіп иілді», – деді Жүсіп. Бұл түстің мағынасы Жүсіп өзінің

ағаларынан да маңызды адам болатынын білдірді.



3

Екінші түсінде Жүсіптің алдында күн мен ай және жұлдыздар оның алдында бастарын иді. Тіпті оның әкесі Жақып та оның өзін ата-анасынан және ағаларынан жоғары қойғанына ашуланды.



4

Бір күні Жақып Жүсіпті ағалары мал бағып жүрген далаға жіберді. Ағалары оның жақындап келе жатқанын көрді. «Кәне, мына арманшылды өлтірейік», – деді олар міңгірлеп. Жүсіп өзіне төніп тұрған қауіпті білмеді.




5

Үлкен ағалары Рубен бұған келіспеді. «Біз қан төкпеуіміз керек, – деді ол. – Қарандар, міне шұңқыр бар екен. Ол сонда өлсін!» Рубен Жүсіпті түнде құтқарып жіберуді көздеген.




6

Жүсіп келген кезде, оны ағалары ұстап алып, Жақып сүйікті ұлына арнайы тігіп берген үстіндегі түрлі-түсті шапанын шешіп алды. Содан соң олар оны қорқынышты шұңқырға тастады.



7

Рубен болмаған кезде, алыстағы Мысырға кетіп бара жатқан түйелердің керуені кеп қалды. «Кәне, Жүсіпті сатып жіберейік», – деп дауыстады Яхуда, оның ағасы. Келісім жасалды.



Олар Жүсіпті жиырма күміс теңгеге сатып жіберді.

8

Көз жасы мен қорқынышқа булыққан Жүсіп ырғатылған түйенің өзін отбасы мен отанынан қалайша жыраққа әкетіп бара жатқанын дәрменсіз түрде бақылап отырды.



9

«Мынау – Жүсіптің шапаны ма? Бұл, қан болып жатыр екен. Біз оны айдалада тауып алдық». Қатал ағайындылар Жақыптың өзінің сүйікті ұлын жабайы аң өлтіріп кетті дегенге сенуіне жол берді. Жақып үстіндегі киімін жыртып тастап зарлап жылады. Оны ешкім де жұбата алмады.




10

Мысырда Жүсіп үрейленіп жалғызсыраған шығар. Бәлкім ол үйін сағынған болар. Бірақ ол қашып кете алмады. Ол Потифардың, мысырлық маңызды адамның үйінде құл болды. Потифар Жүсіптің әрдайым көп жұмыс істейтінін және оған сенім артуға болатынын көрді.




11

«Сен не істесең де, жақсы болады екен, – деді Потифар бір күні. – Құдай сенімен бірге. Мен сенің бас қызметшім болғаныңды, менің барлық істерім үшін жауап беріп, барлық басқа қызметшілерімнің басшысы болғаныңды қалаймын».



12

Құдай Потифарға Жүсіптің арқасында көп өнім мен мол байлық берді. Маңызды адам болған Жүсіп бұрынғысынша Құдайға сенім артып, Оған адал қызмет етті. Бірақ оның басына бәле төнді.



13

Потифардың әйелі зұлым әйел болатын. Ол Жүсіптен өзінің күйеуінің орнын басуды сұрады. Бірақ Жүсіп бас тартты. Ол Потифарға жамандық жасап, Құдайға қарсы күнә жасамас еді. Әйел оны мәжбүр етуге тырысқан кезде, ол қашып кетті. Бірақ әйел оның шапанынан ұстап алып қалды.



14


«Сенің құлың маған бас салды, –деп шағымданды  
Потифардың әйелі. –Қара, мынау –оның шапаны».  
Потифар қатты ашуланды. Бәлкім ол өзінің әйелі  
алдап тұрғанын білген шығар.  
Бірақ ол бір нәрсе істеуі керек еді.  
Ол не істер еді?



15

Потифар Жүсіпті түрмеге қамады.

Жүсіп кінәсіз болса да,  
ызаланбады да, ашуланбады  
да. Мүмкін ол өзінің  
қиындықтарынан сабақ  
алған шығар: ол қайда болмаса  
да, егер Құдайды құрметтейтін  
болса, Құдай оны құрметтейтін  
болады, тіпті түрмеде де.



16

Сүйікті ұл құлға айналды

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Жаратылыстың басталуы 37, 39

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."  
Забур 119:130

17



7

60

18

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді  
жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын  
тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі.  
Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын,  
Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді.  
Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің  
күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе,  
Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп,  
қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге не болып,  
кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр,  
менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін  
өмір сүруіме көмектесе гөр. Амин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

19